

ГЛОССАРИЙ

Энергия тиімділігі Энергоэффективность (Energy efficiency)	Қайта өңдеу процесінің, жүйесінің нәтижесінде пайдалануға жарамды энергияның, яғни шығыстағы энергияның кірістегі энергия көлеміне арақатынасы. Энергия тиімділігі энергия сыйымдылығы тұрғысынан сипатталады. Көбінесе, саясатта энергия тиімділігі жылуы оқшауланып салынған ғимараттар, неғұрлым тиімді электр жабдығы, тиімді жарықтандыру, тиімді көлік құралдары және т.б. технологиялық нұсқалар арқылы энергияға сұранысты азайту жөніндегі шаралар мағынасында қолданылады.
Энергетикалық қауіпсіздік Энергетическая безопасность (Energy security)	Елді немесе қоғамды тұрақты, болжамды, адекватты энергиямен қамтамасыз ету. Энергияға деген ұлттық сұранысты қанағаттандыру үшін энергетикалық ресурстардың жеткілікті болуын қамту шаралары. Энергияны өндіру, сақтау және жеткізу үшін жеткілікті инфрақұрылым құру.
Цели в области устойчивого развития (ЦУР) (Sustainable Development Goals (SDGs))	Біріккен Ұлттар Ұйымы белгілеген, 2030 жылға дейінгі Күн тәртібіне қойылған барлық елдер үшін жаһандық дамудың 17 мақсаты. Олардың ішінде кедейлік пен аштықты жою; денсаулық пен әл-ауқат, білім беру, гендерлік теңдік, таза су мен энергия, лайықты еңбек; өміршең және орнықты инфрақұрылымды, қалаларды және тұтыну жүйелерін құру және қолдау; теңсіздікті азайту, жер және су экожүйелерін қорғау; бейбітшілікті, әділеттілікті және серіктестікті насихаттау; климаттың өзгеруі бойынша шұғыл шаралар қабылдау мәселелері кіріктірілген.
Мыңжылдық даму мақсаттары Цели тысячелетия Millennium Development Goals	Кедейлікпен, аштықпен, аурумен, сауатсыздықпен, әйелдерге қатысты кемсітушілікпен және қоршаған ортаның азып-тозуына қарсы күрес жөніндегі 8 мақсаттың жиынтығы. Бұл мақсаттар 2000 жылы БҰҰ-ның Мыңжылдық саммитінде келісілді.
Осалдық Уязвимость (Vulnerability)	Жағымсыз әсерге бейімділік. Осалдық ұғымы көптеген ұғымдар мен элементтерді қамтиды, оның ішінде сезгіштік немесе зақымдануға бейімділік; проблеманы шешуге және бейімделуге қабілетінің болмауы да жатады.
Тұрақтылық Устойчивость (Sustainability)	Табиғи және антропогендік жүйелердің тең құқықтық негізде тұрақты жұмыс істеуіне кепілдік беретін динамикалық жүйе.
Апат тәуекелдерін басқару Управление рисками бедствий (УРБ) (Disaster risk management (DRM))	Стратегияларды, бағдарламалар мен шараларды әзірлеу, жүзеге асыру және бағалау процестері апат қаупін түсінуді жақсарту, азайтуға ықпал ету және төзімділік мұрын апаттар қаупін, сондай-ақ үнемі жетілдіруді ынталандыру үшін апаттарға дайындықты қамтамасыз ету, оларға ден қою жөніндегі жұмыс және олардан кейін қалпына келтіру. Бұл процестердің біржақты мақсаты бұл адамның қауіпсіздігін, әл-ауқатын, өмір сүру сапасын арттыру және тұрақты даму.

Басқару Управление (Governance)	Бағдарламалар мен шаралар үшін шешім қабылдауға қажетті құралдардың толық диапазоны, олардың менеджменті, іске асуы және мониторингінің толық ауқымдағы кешенді тұжырымы. Басқару ғымы қатаң түрде мемлекет тұрғысынан айқындалса, басқарудың кешенді тұжырымы түрлі деңгейдегі басқарудың үлесін (жаһандық, халықаралық, аймақтық, субаймақтық, жергілікті және т.б.), сонымен қатар, жаһандық қоғамдастық алдында тұрған көптеген міндеттерді шешуде жеке сектордың, үкіметтік емес субъектілердің және азаматтық қоғамның қолдаушы рөлін ескереді.
Адаптивті басқару	Табиғи ресурстарды, экожүйелік қызметтерді қолдану мен басқару үшін, әсіресе күрделілік пен белгісіздік жағдайында, әлеуметтік мәселелерге басымдық беретін басқару институттарының саясатты жоспарлау, жүзеге асыру және бағалау кезінде басқару үшін итеративті әлеуметтік оқытуға басты назар аудару арқылы басқару.
Трансформация (Transformation)	Табиғи және антропогендік жүйелердің негізгі атрибуттарының өзгеруі. Қоғамдастықтар бастамашылық еткен, жеке және ұжымдық құндылықтар мен мінез-құлықтың өзгеруіне, сондай-ақ қоғамның саяси билігінің, мәдениеті мен институционалдық ұйымының әділ тепе-теңдігіне ықпал ететін тұрақтылық жағына терең және әдейілеп көшу.
Трансформациялық өзгерістер Трансформационное изменение (Transformative change)	Әлеуметтік және экономикалық факторларды ескеру арқылы технологиялық өзгерістерді қажет ететін жалпы жүйелік өзгерістер.
Сценарий (Scenario)	Басты қозғаушы күштер мен байланыстарға қатысты (мысалы, технологиялық өзгерістер, бағалар) ішкі бірізді және дәйекті деректер жиынтығына негізделген, болашақтың қалай дами алатындығы туралы сенімді сипаттама. Сценарий бұл болжам емес, алайда олар оқиғалар мен іс-әрекеттердің салдары туралы картинаны көрсету үшін пайдалы.
Табиғи апат Стихийное бедствие (Disaster)	Қауіпті физикалық құбылыстардың әсерінен туындаған қоғамның қалыпты жұмысының күрт өзгеруі. Әдетте ол осал әлеуметтік жағдайларда қалыптасады және кең таралған қолайсыз материалдық, экономикалық немесе экологиялық салдарларға әкеп соқтырып, адамның өмірлік маңызы бар қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін шұғыл ден қоюды талап етеді және қалпына келу үшін сыртқы көмекті талап етуі мүмкін.
Әділет Справедливость (Justice)	Адамдардың әдеп пен қоғамдық құндылықтар негізінде адалдық пен бейтараптықтың адамгершілік немесе құқықтық принциптерін белгілеу арқылы өздерінің құқығы бар нәрсені алуын қамтамасыз ету.
Қарсы тұру қабілеті	Әлеуметтік, экономикалық және экологиялық жүйелердің бейімделу, үйрену және түрлену қабілетін сақтай отырып,

Сопротивляемость (Resilience)	өзінің бастапқы функциясын, болмысы мен құрылымын сақтайтын тәсілдермен әрекет ету немесе қайта ұйымдастыру кезінде қауіпті құбылысқа немесе үрдіске немесе тәртіпсіздікке қарсы тұру қабілеті. Бұл анықтама Арктика кеңесі қолданатын анықтамаға негізделген (2013).
Әлеуметтік оқыту Социальное обучение (Social learning)	Мінез-құлықтың, мүмкіндіктердің, құндылықтардың және қарым-қатынастың жаңа түрлерін үйренетін әлеуметтік өзара әрекеттесу процесі.
Тәуекел Риск (Risk)	Құндылыққа қауіп төнген кезде және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу және оның ауқымы белгісіз болған кезде қолайсыз салдарлардың орын алу мүмкіндігі. Қауіп - осалдықтың (зақымданған жүйенің), уақыт өте келе оның әсер етуінің (қауіптілігінің), сондай-ақ оның туындау ықтималдығының өзара әрекеттесуінің нәтижесі.
Теңдік Равенство (Equality) Теңсіздік	Барлық адам баласының шығу тегіне қарамастан тең мәнге ие болу қағидаты, оның ішінде тең мүмкіндіктер, құқықтар, міндеттер бар. Көбінесе, дамудың әртүрлі дәрежесіне байланысты тең емес мүмкіндіктер, яғни әлеуметтік мәртебе, жынысы, класы, этносы, жасы мен қабілеті (мүгедектігі) бойынша қоғам ішіндегі кемсітушілік процестері. Табыс теңсіздігі - ең жоғары және ең төмен табыс табатындар арасындағы алшақтық.
Азық-түлік қалдықтары Продовольственные отходы (Food wastage)	Өндіріс және тасымалдау кезіндегі азық-түлік өнімдерінің шығыны және тұтынушылардың шығарған тамақ қалдықтары жатады (ФАО, 2013 жыл).
Азық-түлік қауіпсіздігі Продовольственная безопасность (Food security)	Барлық адамдардың тамақтану қажеттіліктерін қанағаттандыратын және белсенді, салауатты өмір сүруге ықпал ететін жеткілікті, қауіпсіз және нәрлі тағамға барлық уақытта физикалық, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан қол жетімділігі бар жағдай.
Адам құқықтары Права человека (Human rights)	Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссары басқармасы берген анықтама негізінде, адам құқықтары барлық адамға тән, әмбебап, ажырамас және бөлінбейтін, әдетте заңмен кепілдендірілген құқықтар. Оларға өмір сүру құқығы, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар, сондай-ақ даму және өзін-өзі билеу құқығы жатады.
Топырақтың ылғалдылығы Почвенная влага (Soil moisture)	Топырақта сұйық немесе қатып қалған күйінде кездесетін Су. Тамыр аймағының топырақ ылғалдылығы өсімдіктердің тіршілігі үшін аса өзекті болып табылады.
Саяси экономика Политическая экономия (Political economy)	Сауда-коммерциялық операциялардың нәтижелерін, сондай-ақ байлықты елде немесе экономикада бөлуді анықтайтын заңмен, саясатпен, экономикамен, кеденмен, билікпен айқындалатын адамдар, мемлекет, қоғам, нарықтар арасындағы өзара байланысты қатынастар жиынтығы.

Төңкеріс нүктесі Переломный момент (Tipping point)	Жүйені қайта құратын жүйе сипаттамаларының өзгеру дәрежесі, көбінесе кенеттен және өзгеріс жүргізушілері жұмысын тоқтатса да, бастапқы күйіне қайта оралмайтын жағдай.
Париж келісімі Парижское соглашение (Paris Agreement)	Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі жөніндегі негіздемелік конвенциясы шеңберінде жасалған Париж келісімі 2015 жылғы желтоқсанда Францияның Париж қаласында БҰҰ ҚХП жанындағы Тараптар Конференциясының жиырма бірінші сессиясында қабылданды. 196 Тарапы қабылдаған осы келісім 2016 жылғы 4 қарашада күшіне енді. Париж келісімінің мақсаттарының бірі "әлемдік орташа температураның өнеркәсіп революциясы алдындағы деңгейден 2°C-тан жоғары көтерілуін сақтау және температураның өнеркәсіп революциясы алдындағы деңгейден 1,5°C-қа дейін көтерілуін шектеу жөніндегі күш-жігерді жалғастыру" болып табылады. Бұдан басқа, Келісім елдердің климаттың өзгеруінің әсері мен салдарларына төтеп беру үшін әлеуетін нығайтуға бағытталған.
Ұлттық деңгейде айқындалатын салымдар Определяемые на национальном уровне вклады (ОНУВ) (Nationally Determined Contributions (NDCs))	Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы контекстінде қолданылатын термин, сол арқылы Париж келісіміне қосылған ел өзінің шығарындыларын азайту жөніндегі өз жоспарларын белгілейді. Кейбір елдер климаттың өзгеруінің әсеріне қалай бейімделу керектігін және басқа елдерден қандай қолдау алу керектігін немесе төмен көміртекті технологияларды қабылдау және климаттың өзгеруіне тұрақтылықты қалыптастыру үшін басқа елдерге қандай қолдау көрсету керектігін қарастырады.
Кедейлік Нищета (Poverty)	Әртүрлі философиялық мектептер берген бірнеше анықтамалары бар күрделі ұғым. Ол материалдық жағдайларға (мысалы, қажеттілік, бір нәрседен айырылу немесе шектеулі ресурстар), экономикалық жағдайларға (өмір сүру деңгейі, теңсіздік) және басқа да әлеуметтік жағдайларға (мысалы, әлеуметтік тап, тәуелділік, жоққа шығару, базалық қауіпсіздіктің болмауы немесе құқықтардың болмауы) қатысты болуы мүмкін.
Кедейлікті жою Искоренение нищеты (Poverty eradication)	Барлық жерде кедейлікті жоюға бағытталған бірқатар шаралар.
Көші-қон Миграция (Migration)	Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйым көші-қонды «Адамның немесе адамдар тобының не халықаралық шекара арқылы, не мемлекет шегіндегі қозғалысы» деп айқындайды. Бұл қозғалыстың ұзақтығына, құрамына және себептеріне қарамастан кез келген популяциялық қозғалыстар; оған босқындардың, қоныс аударушылардың, шаруашылық мигранттарының, тіпті отбасын біріктіру себепті қоса алғанда, басқа мақсаттарға қоныс аударатын адамдардың көшіп-қонуы кіреді».

Жергілікті білім Местные знания (Local knowledge)	Жергілікті білім жергілікті жеке адамдар мен топтар әзірлеген сол аймақ үшін ерекше маңызы мен қажеттілігі бар ұғымдар мен дағдылар. Жергілікті білім күнделікті қызметтен бастап ұзақ мерзімді іс-әрекеттерге дейінгі өмірдің іргелі аспектілері бойынша шешімдер қабылдаудың негізін құрайды. Бұл білім басқарушылық шешімдер қабылдауға ықпал ететін әлеуметтік-мәдени жүйелердің негізгі элементі болып табылады. Бұл анықтама ЮНЕСКО анықтамасына негізделген.
Кешенді бағалау Комплексная оценка (Integrated assessment)	Қоршаған ортаның өзгеруінің жай-күйі мен салдарларын бағалау және оған уақытылы саяси ден қою үшін физикалық, биологиялық, экономикалық және әлеуметтік ғылымдарға негізделген нәтижелер мен модельдерді біріктіретін талдау әдісі.
Климаттық модель Климатическая модель (Climate model)	Климаттық жүйенің, оның құрамдас бөліктерінің физикалық, химиялық және биологиялық ерекшеліктеріне, олардың өзара әрекеттестігі мен кері байланыс процестеріне негізделген сандық көрінісі. Климаттық жүйе әртүрлі күрделіліктегі модельдермен ұсынылуы мүмкін. Мысалы, олардың компоненттері немесе компоненттер комбинациясы үшін кеңістік параметрлерінің саны, физикалық, химиялық және биологиялық процестерді сипаттаудағы дәлдік дәрежесі немесе эмпирикалық параметрлердің деңгейі сияқты аспектілермен ерекшеленетін модельдердің спектрін немесе иерархиясын табуға болады. Интерактивті химия мен биологияны пайдалана отырып, неғұрлым күрделі модельдерге қарай эволюция байқалады. Климаттық модельдер климатты зерттеу және модельдеу құралы ретінде, сондай-ақ климаттың ай сайынғы, маусымдық және жылдық болжамдарын жасау мақсатында қолданылады.
Климат (Climate)	Климат термині тар мағынада, орташа ауа райы режимі немесе қандай да бір уақыт аралығында тиісті сандық параметрлердің орташа шамасы мен өзгергіштігінің статистикалық сипаттамасы ретінде анықталады. Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның деректері бойынша бұл айнымалылар үшін орташа қабылданатын классикалық кезең - 30 жыл. Тиісті сандық параметрлерге көбінесе температура, жауын-шашын және жел сияқты беттік айнымалылар жатады. Кеңірек мағынада климат – климаттық жүйенің жай-күйі (оның статистикалық сипаттамасы).
Климатқа оңтайландырып, ыңғайланған ауыл шаруашылығы Климатически оптимизированное сельское хозяйство (КОСХ)	Климатқа оңтайландырып, ыңғайланған ауыл шаруашылығы өзгермелі климат жағдайында дамуды және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығы жүйелерін трансформациялау және қайта бағдарлау үшін қажетті іс-қимылдарды басшылыққа алуға көмектесетін тәсіл. Оның негізгі міндеттері: ауыл шаруашылығы өнімділігі мен рентабельділігін тұрақты түрде арттыру; климаттың өзгеруіне бейімделу және тұрақтылық дәрежесін жоғарылату; және

(Climate smart agriculture (CSA))	мүмкіндігінше парниктік газдар шығарындыларын азайту және (немесе) жою.
Климат жүйесі Климатическая система (Climate system)	Климаттық жүйе – бес негізгі компоненттен: атмосфера, гидросфера, криосфера, литосфера, биосфера және олардың өзара әрекеттесуінен тұратын аса күрделі жүйе. Климаттық жүйе өзінің ішкі динамикасы әсерінен және сыртқы әсерге жататын жанартау атқылауы, күн радиациясының ауытқуы, атмосфералық құрамның өзгеруі, сонымен қатар жерді пайдалану сияқты антропогендік әсерлер салдарынан дамиды.
Жерді пайдалану Землепользование (Land use)	Жерді пайдалану өсімдіктер жамылғысының берілген түрі шегіндегі іс-шаралардың жиынтығы. «Жерді пайдалану» термині жерді басқару жүзеге асырылатын әлеуметтік-экономикалық міндеттер мағынасында да қолданылады (мысалы, жайылым, ағаш дайындау, табиғатты қорғау және қала құрылысы). Парниктік газдардың ұлттық кадастрларында жерді пайдалану санаттарға сәйкес жіктеледі: орман алқаптары, егістіктер, жайылымдар, батпақты алқаптар, елді мекендер, басқа санаттар.
Жасыл инфрақұрылым Зеленая инфраструктура (Green infrastructure)	Табиғи және жасанды экологиялық жүйелердің, жасыл желектердің, ландшафттың басқа да элементтерінің өзара байланысқан жиынтығы. Оған батпақты жерлер, саябақтар, ашық жасыл желек, жайылымдар мен ормандар жатады. Сонымен қатар, өсімдіктерді көптеп отырғызуға мүмкіндігі бар ғимараттар мен көшелерді жобалау мүмкіндігі де кіреді. «Жасыл» инфрақұрылым тура әдеттегі инфрақұрылым сияқты функцияларды атқара алады.
Құрғақшылық Засуха (Drought)	Аномалды құрғақ ауа райының біршама ұзақ уақытқа созылып, гидрологиялық теңгерімсіздік тудыратын кезеңі. Құрғақшылық салыстырмалы термин болып табылады, сондықтан жауын-шашын тапшылығы себебін қарастырған дұрыс. Мысалы, өсімдіктердің өсіп-өну кезеңінде жауын-шашынның жетіспеушілігі ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін немесе жалпы экожүйенің функциясын нашарлатады. Сондықтан, топырақ ылғалына әсер ететін құрғақшылық салдарынан ауыл шаруашылығы құрғақшылығы деп аталады.
Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) Валовой внутренний продукт (ВВП) (Gross Domestic Product (GDP))	Мемлекет территориясындағы барлық өндірушілердің белгілі бір кезең ішінде өндірген түпкі тауарлары мен көрсеткен қызметтерінің нарықтық құнын білдіретін жиынтық көрсеткіш. Көбінесе 1 жыл ішінде, қарастырылып отырған ел не географиялық аумақтың экономикасында өндірілген нарықтық бағалар бойынша қосылған құнның жалпы сомасы есептеледі. Өнім бағасының ішінен өндірістің құнына енгізілмеген барлық салықтар және өндірістің құнына кірмейтін барлық субсидияларды шегеріледі.

Әл-ауқат Благополучие (Wellbeing)	Адамның әр түрлі қажеттіліктерін, оның ішінде материалдық өмір сүру жағдайы мен өмір сүру сапасын қанағаттандыратын, сондай-ақ өз мақсаттарын жүзеге асыру, табысқа жету, өз өміріне ризалық сезіну қабілетін қанағаттандыратын өмір сүру жағдайы.
Биологиялық алуан түрлілік Биоразнообразие (Biodiversity)	Биологиялық түрлердің белгілі бір аумақта, экожүйеде немесе тіпті ғаламшар бетіндегі әралуандылығы. Бұл ұғым түр ішіндегі, түрлер арасындағы сан алуандылықты және экожүйенің алуан түрлілігін қамтиды. Қазіргі кезде әлемде 2,5 млн-дай түр белгілі, оның 74%-ы тропиктік белдеуде, 24%-ы қоңыржай аймақта болса, тек 2%-ы полярлық белдеуде тараған. Түрлердің ішіндегі ең көп тарағаны — жәндіктер, олардың түрлері 1 млн-нан астам. Дегенмен, соңғы жылдардағы әлемдік ғылыми-техникалық үдеудің нәтижесінде адам қоғамының табиғатқа зиянды әсерлерінің көбеюінен түрлер саны жыл сайын азаюда. Қазір дүние жүзінде жыл сайын 1-ден 10-ға дейінгі жануарлар түрі жойылады екен. Ескеретін жағдай, өсімдіктің бір түрінің жойылуы майда жәндіктердің бірнеше түрлерінің жойылуына апарып соғады. Бұл жағдай әлемдегі биологиялық тепе-теңдікті бұзып, көптеген экологиялық келеңсіздікке әкелуі мүмкін. Осыған орай бүкіл әлем қауымдастығы алаңдауда. 1992 жылы Рио-де-Жанейро қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының «Қоршаған орта және даму» конференциясында биологиялық әралуандылық туралы әлемдік Биологиялық әралуандылық конвенциясы қабылданды.
Бейімделу Адаптация (Adaptation) Инкременттік бейімделу Трансформациялық бейімделу	Антропогендік жүйелерде зиянды азайту немесе тиімді мүмкіндіктерді пайдалану мақсатында қазіргі немесе күтілетін климатқа және оның әсеріне бейімделу процесі. Табиғи жүйелерде ол қазіргі климатқа және оның әсеріне бейімделу процесі; Адамның араласуы күтілетін климатқа және оның әсеріне бейімделуді жеңілдетуі мүмкін. Берілген масштабта жүйенің немесе процестің мәні мен тұтастығын сақтайтын бейімделу. Кейбір жағдайларда инкременттік бейімделу трансформациялық бейімделуге әкелуі мүмкін. Климаттың өзгеруін және оның әсерін күту барысында әлеуметтік-экологиялық жүйенің іргелі сипаттамаларын өзгертетін бейімделу.
Бейімделу қабілеті Адаптивность Adaptive capacity	Жүйенің, институттардың, адамдардың және басқа да организмдердің ықтимал зақымдануға бейімделу, мүмкіндіктерді алып тастау немесе салдарларға ден қою қабілеті.

